

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №1

Өткізілген күні: 05.09.2024

Қатысқандар: 55

Күн тәртібінде:

- 1.«Тәлім-тәрбие бастауы – балабақша».
2. «Мектепке дейінгі жастағы баланың физикалық және психикалық жайлылығын қамтамасыз ету.»
3. «Тұлғаның қалыптасу негізі – балабақша мен ата-ана ынтымақтастығында»

1.Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші: М.А Сариева сөз алып, балабақшаның бала тәрбиесіндегі маңызы туралы айтты. Балабақшада балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасалатынын, білім беру, тәрбиелеу, әлеуметтік ортаға бейімдеу жұмыстары жүргізілетінін түсіндірді. Сонымен қатар, балабақшада ұлттық құндылықтарды дәріптеу, адамгершілікке тәрбиелеу, еңбекке баулу және отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілетіні туралы айтылды. Баланың тұлға болып қалыптасуында отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысы маңызды екендігі атап өтілді.

2.Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша психолог А.Қ. Айжанова мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулығы мен психологиялық жайлылығын сақтау туралы баяндама жасады. Баланың күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтандыру, жеткілікті ұйқы мен демалысты ұйымдастыру, баламен жылы қарым-қатынас орнату қажеттілігі түсіндірілді. Баланың эмоционалдық жағдайына назар аударып, қауіпсіз орта қалыптастыру жөнінде ұсыныстар берілді.

3.Тыңдалды:



Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші: Г.И. Смагулова ата-аналармен балабақша мен отбасының ынтымақтастығы туралы пікір алмасты. Конференция барысында ата-аналар бала тәрбиесіндегі өз тәжірибелерімен бөлісіп, балалардың бойында жауапкершілік, еңбекқорлық, үлкенді құрметтеу, достық және патриоттық қасиеттерді

қалыптастыру жолдары талқыланды. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы, өткізілетін іс-шараларға атсалысуы, баланың тәрбиесі мен дамуы бойынша педагогтармен тұрақты байланыста болуы қажеттігі айтылды.

Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты сұрақтар қойды. Балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту жөнінде ұсыныстар жасалды.

Қаулы:

1. Баланың жан-жақты дамуы үшін отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық күшейтілсін.
2. Балалардың физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізілсін.
3. Балабақшада өткізілетін тәрбиелік және танымдық іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
4. Баланың күн тәртібін сақтауға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінсін.

Төрайым: 
Хатшы: 

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №2

Өткізілген күні: 17.04.2025

Қатысқандар: 74

Күн тәртібінде:

1. «Баланы жарақаттан қалай қорғауға болады»
- 2.«Дұрыс тамақтанудың ережелері».
- 3.«Психолог кеңес береді» айдары.
4. 2023-2024 оқу жылының қорытынды есебі.

1.Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Д.А.Қалабазарова балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау әрбір ата-ананың басты міндеті екенін атап өтті. Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтау, өткір және қауіпті заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстау, электр құралдарын бақылауда ұстау, жолда жүру ережелерін үйрету қажеттігі туралы түсіндірілді. Баланы қараусыз қалдырмау және қауіпсіз орта қалыптастыру жөнінде ұсыныстар берілді.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша медбике З.Т. Бурханова балалардың дұрыс тамақтануы олардың денсаулығы мен дамуының негізгі кепілі екенін айтты. Тамақтану режимін сақтау, дәрумендерге бай көкөністер мен жемістерді тұтыну, фаст-фуд пен тәтті тағамдарды шектеу, жеткілікті мөлшерде су ішу қажеттілігі түсіндірілді. Ата-аналарға балалардың күнделікті ас мәзіріне көңіл бөлу ұсынылды.

3.Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша психолог А.Қ.Айжанова баланың психологиялық саулығын сақтау үшін отбасындағы жағымды қарым-қатынастың маңыздылығын атап өтті. Баланы жиі мақтау, қолдау көрсету, оның пікірін тыңдау, эмоционалдық жағдайына көңіл бөлу жөнінде кеңестер берілді. Сонымен қатар, баланың жас ерекшелігіне сәйкес тәрбие беру және балабақшамен тығыз байланыста болу қажеттілігі айтылды.

4.Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Г.Уртамбаева 2024–2025 оқу жылы барысында балабақшада оқу-тәрбие жұмыстары

жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, олардың денсаулығын нығайту, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру болды.

Оқу жылы ішінде балалармен ұйымдастырылған оқу қызметтері мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес өткізілді. Білім беру салалары бойынша жоспарланған міндеттер жүйелі түрде жүзеге асырылды. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, жеке және топтық жұмыстар ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмыстары барысында мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналған іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда: «Білім күні», «Тілдер күні», «Тәуелсіздік күні», «Наурыз мерекесі», «Бірлік күні», «Отан қорғаушылар күні», және басқа да мерекелік ертеңгіліктер жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында сауықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілді. Күн тәртібі сақталып, дене шынықтыру сабақтары, серуендер, қимылды ойындар ұйымдастырылды. Қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілді.

Ата-аналармен жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналар жиналыстары, кеңестер, сауалнамалар және ашық есік күндері өткізілді. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайтылып, балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша өзара байланыс қамтамасыз етілді.

Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері мектепке баруға қажетті дайындық деңгейіне жетті.

Қаулы:


1. Ата-аналар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үйде және қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтасын.
2. Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастырып, пайдалы тағамдарды күнделікті рационға енгізу ұсынылсын.
3. Психологтың кеңестерін басшылыққа алып, балаларға қолайлы психологиялық орта қалыптастыру жұмыстары жүргізілсін.

4. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту жалғастырылсын.

5. 2024–2025 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарының қорытынды есебі жақсы деп бағалансын.

Төрайым:

Хатшы:

Handwritten signatures in black ink. The signature for the Chairperson is written over the line next to 'Төрайым:' and the signature for the Secretary is written over the line next to 'Хатшы:'.